


Модульді оқыту технологиясының әдістемесі бойынша қазақ тілін меңгерту деңгейлері.



5-ші мақсат -ішкі ынта жоғары болады, егер бала өз күшіне сенсе. Бұл бағыт осыған негізделген.. Бұл бағыт үш бөлімнен тұрады (оқу модулі): 1) кіріспе бөлім (мақсат қою), сөйлеу бөлімі, 3) қорытынды бөлім.

Қазақ тілі сабақтарында модульдік технологияның әдістерінің элементтерін қолданғанда біршама жетістіктерге жетуге болады.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІМЕН ӨЗЕКТІЛІГІ

Капарова Ш.Ж.

№ 20 орта мектеп

Ыбырай Алтынсарин-қазақ халқының тарихында еуропалық ғылым негізінде жарық сәулесін таратып, кәусар бұлақтың көзін ашқан, негізін салған, білім беру ісімен кәсіпті түрде айналысқан тарихи тұлғалардың бірі. XIX ғасырдың аяғында халықтың рухани дамып, басқалармен терезесі тең болуының негізгі факторы білім екендігіне көзі жетіп, оны іс жүзінде ұйымдастыруға белсене араласты.

Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметі XIX ғасырдың 60-80 жылдарындағы қазақ қоғамының рухани мұқтажына байланысты туып, әулеттік өмірге келді. Орыс халқымен бұл тұста нақты қарым-қатынас жасай бастаған қазақ халқы өмір сүрудің негізгі кілті өнер мен білімде деп түсініп, орыс халқының тілі мен біліміне ұмтыла түскен еді. Ағартушы Ыбырайдың ұлылығы сол-өзінің бүкіл өмірі мен күш жігерін осы ұлы іске арнады, В. Г. Белинскийдің сөзімен айтқанда, қоғамның тарихы арқылы әзірленіп, дайындалып келген мазмұнды өмірде қолдай жүзеге асыру ісіне арнады.

XIX ғасырдың 50-60-жылдарында өнер-білімге талпынушылық Россияның шет аймақтарында айқын көзге түсе бастаған құбылыс еді.

Халықтың, әрбір адамның жарқын болашағын өнер-біліммен тығыз байланыста қарастырған Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасында білім мен ізгіліктің негізін қалайтын ұстаз тұлғасы туралы өзінің өзектілігін жоғалтпайтын, қайта күн өткен сайын жарқырай түсетін идеялар мол еді.

Ыбырай қоғамдық өмірдегі жаңа талпынысты орынды байқап, соған лайық қызмет етумен қатар жалпы ағарту ісінің, өнер-білімнің артықшылықтарына үлкен сеніммен қарады, Н. Г. Чернышевский айтқандай, «адам үшін ең үлкен бақыт-білім. Білімсіз адамдар әрі дерекі, әрі бақытсыз... Білім халыққа байлық пен күш-қуат әкеледі. Білім адамды дүниеде ештеңемен теңестіруге болмайтын жан рахатына бөлейді», – деп бағалады, қоғамдық өмірде оқу-ағарту ісін дұрыс жолға қою арқылы прогреске жетуге болады, халықты мәдениетті елдердің қатарына жеткізуге мүмкіндік туады деп таныды.

Ыбырай Алтынсариннің халық ағарту ісіне ресми жолдама алып, алғашқы аттануы 1860 жылдың жазы еді. Алайда кеуде толған қуаныш, бойда қайнаған жігер, ойда толқыған неше алуан қиялмен туған өлкесі Торғайға келген өз заманының жаңа адамы аңсаған арманына бірден жете алмайды. Ол ағартушылық қызметінің алғашқы қадамында қараңғы орта мен надан әкімдердің білім мен мәдениетке енжарлығына, қарсылығына душар болады. Бірақ ағарту ісінің келешегіне сеніммен қараған Ыбырай негізгі мақсатынан тайынбай, жұртшылықты өнер-білімге бірте-бірте тарту, қызықтыру мақсатымен өз үйінде ешкімнің көмегінсіз-ақ аз ғана баланы оқытып тұра береді, өз бетімен білімін көтеруді қолға алады. Орыстың саяси, қоғамдық, педагогикалық және көркем әдебиетін жаздырып алдырып, қажымай, талмай оқиды, үйренеді, жаңалыққа талпынуды күнделікті әдетіне айналдырады, қазақ қоғамының әлеуметтік өмірін түсіну және оның келешегін танып-білу жолында ойланып, оларға нақты жауаптар іздестіре бастайды.

Ыбырайдың ағартушылық майданда көп кедергіге кездесіп, талай жылдар бойы өз мақсатына жете алмай, кейде тіпті уақытша сәтсіздікке де ұшырап жүргенде де негізгі мақсатынан ешбір танбай, қайта оған зор жігерімен кірісті.

Ағартушылық көзқарасы осылайша нақты қалыптасқан Ыбырай мектеп ашу жұмысымен қанша мұқият шұғылданса да, оны тек 1864 жылдың қаңтар айында ғана ресми түрде аша алды. Дала тұрмысында бұл тұңғыш жаңа мектептің ашылып, іске кірісуі Ыбырайдың өміріндегі ең бір бақытты кезең болып саналады, оған айрықша қуаныш әкелді, келешек істерге зор шабытпен кірісуіне жағдай туғызды. Ағартушының «Менің үнемі ұмтылған тілегім-қалай да пайдалы адам болып шығу еді. Ал қазір осыған қолым жетіп отырғанын ойласам, көңілім толық жұбаныш табады», – деп жазуы осының айқын айғағы еді. Ол Н. И. Ильминскийге жазған хатында: «Осы жылы 8 қаңтар күні көптен күткен ісім орындалып, мектеп ашылды, оған 14 қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай өте қызу кірістім» деуінің өзі сол үлкен қуаныштың, саналылықтың сыртқа шыққан бір жарқын белгісі еді.

Сөйтіп дала өміріндегі бүкіл оқу-ағарту жұмысының тағдырын өз қолына алып, оның ұшы-қиыры жоқ ісін дұрыс жолға қою міндеті қазақ мәдениетінің тарихында алғаш рет Ыбырай тәрізді әрі педагог, әрі шын патриот, азамат ұлдың үлесіне тиеді.

Ыбырай қазақ даласында білім берушілік мәні үлкен мектеп ашу сияқты озық бастаманың жалаң ұйымдастырушысы ғана болып қоймай, сол өзі ашқан жаңа мектептерге идеялық бағыт беріп, үнемі көмек көрсетіп отырған рухани басшысы да болды. Орыстың XIX ғасырдағы прогресшілдік педагогикалық ойларының ықпалында тәрбиеленген Ыбырай оқу мен тәрбиеге байланысты сол дәуірдегі үздік идеяларды дала өмірінде тұңғыш рет көтерді және оларды қазақтардың қоғамдық өмірімен шебер байланыстыра алды.

Қазіргі таңда білім сапасы мен оқытудың жаңа технологиясындағы өзгерістер, мектепке келер жас маман-педагогтардың дайындығы, білім деңгейі тәрізді мәселелер тек білім саласының мамандары мен жоғары оқу орындарының оқытушы-ғалымдарын ғана емес, білім деген атауға бей-жай қарамайтын қайсысымызды болса да толғандырады анық..

Қазіргі кезде ең өзекті сұрақтың, талаптың бірі-білім сапасын жоғары көтеру болғандықтан, бүкіл әлемдегі мемлекеттердің білім сапасымен біліміміз жоғары деңгейде екенін көрсетуіміз керек.

Ыбырай да, орыстың алдыңғы қатарлы ағартушы-педагогтері сияқты мұғалімнің мектептегі роліне айрықша маңыз берді, мектеп ісінің әр саладағы жетістіктері оқытушының білімі мен іскерлігіне, өз жұмысын сүйе білушілігіне байланысты деп таныды. Мұғалімнің шығармашылық ізденісте болуын айрықша қолдап отырды. «Халық мектептері үшін ең керектісі-оқытушы», – деп жазды ол. «Қазақ мектептерінің бар келешегі, көбінесе, істің қалай басталуына байланысты, сондықтан да мен қазір жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін», – деп жазды. Мектеп мұғалімдерінің әрбір сабақты оқытушыларға оларды тиянақты түрде меңгерту, сабаққа бөлінген уақытты ұтымды да шебер пайдалану жөнінде тиімді ақыл-кеңес берген тамаша методист те болды. Ол оқушылардың сабақты түсінбеушілігін оқытушы өз кінәсінен көрмей, шәкірттердің зер салмайтындығынан деп баланы жазғыруын тәжірибесіз, білімсіз ұстаздың ісі деп бағалап, мұндай әрекетке жол бермеуге тырысты. Ыбырай оқушыны қатаң жазалауға барынша қарсы болды. Әрбір

сабақ балалардың білім деңгейіне сәйкес жүргізілуі тиіс, оқытушы еңбегінің жемісі-балалардың білімімен өлшенеді деп таныды. Ыбырайдың методика саласындағы ой-пікірлері оның шебер де еңбекқор педагог болғандығын танытады.

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды. Жас ұрпаққа сапалы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. Сондықтан қоғам мен мемлекет дамуының ең басты тетігі білім болып табылатыны мойындалды, оған ғасырлар тоғысында білімді халықаралық деңгейде дамытудың бағыттарына арналған реформалардың, соның ішінде Болон үрдісінің қарқынды дамуы дәлел. Қазақстанның білім беру саласындағы жүйелі өзгерістер әлемдік деңгейдегі болып жатқан жаңашыл бастамалармен үндесіп отыр. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасын, Қазақстан Республикасының 2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік білім бағдарламасын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңын атап айтуға болады.

Ғалым-педагог білім беруді ұйымдастырудағы өзінің негізгі принциптерін де ұсынды.

Ы. Алтынсарин бір өзі екі бірдей бағытта тер төкті. Бір жағынан, мектептерді тікелей ашу жұмысымен айналысты. Екіншіден, оқу бағдарламасының нақты мағынасы, жұмыс жоспарының мәні төңірегінде көп ізденістер жасады, оқу-методикалық құралдар дайындады.

«Табиғатынан алғыр, талантты, зерек балаға қалай білім беру керек?» деген сұраққа жауап іздестірді.

Ерекше назар аударатын жағдай, Ы.Алтынсарин сабақ кезінде білім алу мен сабақтан тыс уақытта білім алуды ұштастыруды ұсынды.

Педагог-ғалым баланы бір жақты ақпараттымен жалықтырмай, оның қызығуын әрдайым қоздырып, туындатып, жандандырып отыру қажеттігін атап көрсетті. Өйткені, қызығусыз жай ғана түсіндірілген ақпарат тез ұмытылады, ал жан-жақты ойлану немесе аса үлкен қызығушылықпен келген білім баянды болады, зердеде сақталып қалады және басқа бір білімнің туындауына дәнекер, негіз болады деген болатын.

Қазіргі сабақтың, әсіресе, дәстүрден тыс сабақтардың түрі де әдіс-тәсілдері де көп. Оның қайсысын таңдап алсақ та, сабақ үрдісінде педагогика ғылымының даму тарихында дәлелденген дидактикалық негізгі талаптары мен сабақтың құрылымы қатаң сақталуы керек. Жаңа технологияларды пайдаланудың ерекшелігі-тек стандартта берілген білімді меңгерту ғана емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін қалыптастыруға, шығармашылық икемділігін дамытуға, оқушының өз бетімен іздену жұмыстарын жүйелі түрде істей білуге бағыттау болып табылады.

Ыбырай Алтынсарин де өзінің педагогикалық-ұйымдастырушылық әрекетінде бірнеше маңызды принциптермен әдістерге сүйенді.

Біріншіден, білім беруді әліппеден бастауды ұсынды. Әліппе дегеніміз-білімнің ең қарапайым сатысы, оны аттап кетуге болмайды.

Қазақ халқы тек жаңа ғана оқи бастаған халық, сондықтан оның оқуы ең әуелі әліппеден басталуға тиіс. Өйткені ешкім де бірден қиын нәрсені белгілі дайындықсыз түсіне алмас еді. Әр уақытта қарапайымдылықтан күрделілікке, жақыннан алысқа, төменнен биікке ұмтылыс болуы керек. Бұл да маңызды дидактикалық принцип деген тұжырымға келген болатын.

Екіншіден, білім беруде жүйелік әр уақытта сақталуы қажет, әркімнің өзі білгенінше сабақ өткізуіне болмайды. Мұндай жағдайда оқыту мен оқу жұмысын жүргізуде жүйе болмайды. Ғалым ағартушының система жоқ жерде нәтижелі іс те болмайтынына көзі жеткен.

Кез-келген пәнді оқытуда белгілі бір жүйе, қабылданған стандарт болуы қазір де аса маңызды талап. Осы принципке сүйене отырып, Ы. Алтынсарин сол кездегі мектептер жұмыстарына сараптама беріп отырған.

Үшіншіден, білім беру ісінде теориялық баяндау мен нақты іс-тәжірибе бірін-бірі толықтыруына аса үлкен мән берді.

Төртіншіден, білім берудегі этникалық ерекшеліктерге мән береді. «Енді мен қырғыз хрестоматиясының екінші бөлімін құрастырып жатырмын... бұл бөлімнің тарихи мәліметтер жөнінде тарауына қырғыз халқының өз тарихынан материалдар енгізу керек болып отыр, бірақ ондай материалды қайдан аларымды білмеймін...

Өз туған халқыма қырғыз тілінде жалпы білім беретін, дұрысын айтқанда, ғылыми мәліметтермен құрастырылған тағы бір еңбегіммен қызмет етпекпін» деп атап көрсетті.

Бесіншіден, білім беруде баланың жыныстық қасиеттерін де есепке алу қажеттігін ұсынды. Отбасында, қоғамда қыз бала мен ер баланың өзіндік орны мен ерекшеліктері бар. Олардың әрқайсысының табиғи ерекшеліктеріне сүйене отырып, бастауыш мектеп-

терде балаларды ағаш өнеріне, қыздарды қол шеберлігіне үйрету көзделді. Осы принципті мектеп ісін ұйымдастыруда іске асырды. Мұның өзі Ы.Алтынсариннің өте көреген, алға ұмтылған педагог екенін көрсетеді.

Алтыншыдан, Ы. Алтынсарин білім беру процесінің ізгіліктік сипатын анықтайды. Білім адамды рухани байытады, жанын жадыратады, жақсылыққа жетелейді, көңілін көтереді, рухын нығайтады, жігерін күшейтеді. Ы.Алтынсариннің педагогикалық ізденістерінде тілді игеру туралы біршама ойлар өрбіген. Әрине, сол заманның тынысына сәйкес ол орыс тілін үйренуге үлкен мән берген. Бірақ баланы орыс тіліне баулуды ол өзінің ана тілін толық игерген соң мүмкін деп есептеді. Бұл пікірді сол кездегі алдыңғы қатардағы орыс зиялылары да толық қолдаған. Өзге тілді үйрету «балалардың бойына ана тілінің әбден сіңіскені байқалғанша ешбір басталмауға тиіс» деп жазды К.Д.Ушинский.

Ы.Алтынсарин «Қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту» жөніндегі оқу құралында өзінің негізгі идеяларын баяндаған. Басқа тілді меңгерудің ең оңтайлы жолы-ауызекі сөйлесуді үйрету. Ауызекі сөйлесу болмайынша қандай болмасын тілде емін-еркін сөйлеу мүмкін емес дейді.

Ы.Алтынсариннің XIX ғасырдың аяғында өзінің педагогикалық қызметінде ұстанған негізгі принциптері XXI ғасырға аяқ басқан, бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуға ұмтылыс жасап отырған Қазақстанның қазіргі рухани-мәдени дамуында өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Керісінше, олар уақыт өткен сайын жаңа серпінге ие болып, дами түсуде. Бұл ғылым мен білім дамуындағы сабақтастықты және дәстүр тұрақтылығын тағы да дәлелдей түседі.

Ол өзінің бүкіл шығармашылық өмірін бір ұлы мақсатқа арнады. Ол мақсат қазақ халқын ғасырлар бойы езіп келген надандық пен қараңғылықтың шырмауынан босатып, өнер-білімді, мәдениетті елдердің қатарына қосу еді.

Ы.Алтынсарин қазақ балаларына арнаған мектеп ашумен бірге онда қызмет істейтін, балаларды оқытып, тәрбиелейтін кадрларға, атап айтқанда, мұғалімдерді даярлауға аса зор мән берген. Ол мектептегі ең басты тұлға-мұғалім деп есептеген. Жақсылық салынған мектеп үйі, болуы мүмкін, тамаша жазылған оқу құралдарын да табуға болады. Бірақ бұлардың жақсы мұғалімсіз берері шамалы деп есептеген.

Ыбырай Алтынсарин орыс халқы мәдениетінің демократияшыл идеяларын, әсіресе, Ушинскийдің педагогикалық мектебінің жаңалықтарын шығармашылық жолмен қабылдай отырып, қазақ даласына білім таратушы, мектеп ашушы, жастарды тәрбиелеуші мұғалім болғандығын айқындайды. Ол өз ісінде әрқашан адамгершілік туын көтеріп, көптеген педагогикалық мұралар қалдырды. Солардың ішінде оның тамаша өлеңдері мен әңгімелері бар. Ол ең алдымен ағартушы педагог болғандықтан, оның ақындығы мен жазушылығы негізгі мақсатына-ағартушы-педагогтік істеріне бағытталған.

Өзінің мектеп өміріндегі тәжірибесін Ушинскийдің, Толстойдың педагогикалық озат пікірлерін, тағы басқа да материалдарды қорыта отырып, Ы. Алтынсарин-«Қазақ хрестоматиясы» (1879 жылы) мен «Қазақтарға орыс тілін оқыту жөніндегі бастауышқа басшылық» деген екі кітабын жазды. Бұл еңбектер кезінде қазақ халқының мәдениетінің тарихында аса зор оқиға, үлкен ғылыми табыс ретінде жарыққа шығуы өз кезінде қазақ халқы үшін сирек кездесетін тамаша жаңалық болды.

Ы. Алтынсариннің шығармашылығына Н. Ф. Бунаков және Н. А. Корфтің жүйесімен Ресейде құрылған бастауыш халық мектептерінің тәжірибесінің жемісті ықпалы болды. Ы. Алтынсарин оқу жоспарларын және бағдарламаларын жасауда оқыту мен тәрбиенің дидактикалық және әдістемелік тәсілдерді қолдануда оның пайдалы тәжірибелерін пайдаланды.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында Ыбырай атамиздың салып кеткен сара жолын жалғастыру мақсатымен соңғы жылдары еліміздің мектептерінде бейіндік оқыту бағдарламасы қолға алынуда. Мұндай оқытудың мақсаты – жоғары сынып оқушысының кәсіптік қызығушылығын және білім алуды таңдаған келешектегі мамандығын әрі қарай жалғастыруға жағдай жасау. Осы жолда кәсіптік білім арасындағы сабақтастықты жалғастыра отырып, пән мұғалімдері қолданбалы және таңдаулы курстарға авторлық бағдарламалар құруда.

Ыбырай мұғалімдер жөнінде өте жоғары пікірде болды. Ол ағартушылық жолына түскен күннен бастап, қазақ балаларын ана тілінде оқыта алатын мұғалім кадрларын даярлау ісіне белсенді кірісті. Патша өкіметі Ыбырайдың бұл тілегін қабылдамады. Керісінше Ыбырайды қудалай бастады. Ыбырай өзінің тағы бір хатында «оқушылар даярлайтын училище ашуға талпынамын деп басыма пәле іздеп алдым, өкімет орындары маған теріс қарай бастады, «жер» аударылуға аз-ақ қалдым» деп күйініп жазды.

Сол кездегі Қазақстан жағдайында өте күрделі мәселелердің бірі-белгілі педагогикалық даярлығы бар мұғалім кадрлардың жетіспеуі. Ыбырай ол мәселені екі жолмен шешуді

кездеді: біріншіден, қазақтардың өз ішінен мұғалім даярлайтын қазақ мұғалімдер мектебін ашу арқылы, екіншіден, жаңадан ашылып жатқан орыс-қазақ мектептеріне Ресейдің арнаулы мұғалімдік оқу орындарын бітірген жас мұғалімдерді жұмысқа шақыру арқылы мақсаты іске асырмақ болды.

Негізінен ұстаз өтілетін сабағының мазмұнына сай, оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыра алатындай технологияларды орынды қолдана алған жағдайда ғана мұғалім жақсы жетістіктерге қол жеткізе алады, шеберлігін, жаңалыққа құштарлығын танытып, сабақ сапалы өтеді. Міне, сондықтан сабақта инновациялық іс-әрекеттік технологияларды қолдану тұлғаны қалыптастырудағы жалпы заңдылықтар және оқушылардың жас ерекшеліктері, олардың әрқайсысының жеке қабілеттері мен қызығушылықтарын және бейімділіктерін дамытуға үлес қосатынын ескеруіміз қажет.

Халықты және олардың жас өркендерін оқуға, өнер-білімге шақыруда Ыбырайдың ұран салып, ту етіп көтерген, әрқашан жаңарып, түрленіп, құлпырып, оқыған сайын сүйсіндіріп отыратын, ескірмейтін еңбегі «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар», «Әй, достарым!», «Әй, жігіттер!» деген өлеңдері.

*«Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге*

Ықыласпен тоқылық!» – деп ұран салады. Ыбырай бұл өлеңдерінде алдымен сауат ашу, оқыту мәселесін бірінші орынға қояды, баланы оқыту барысында тәрбиелеу керектігін түсіндіреді. Оның өлеңдері мен әңгімелерінің қай-қайсысы болмасын балаға тәртіпті, үлгілі, өнегелі кісі болуды уағыздайды.

Елді қараңғылықтан жарыққа шығаратын жастар, тек қана жастар деген қорытындыға келді. Әсіресе, оның келешекке сенімі мол болды. Аңсаған арманын өзі орындай алмаса да, болашақ жастар орындайды деп білді.

*«Біз болмасақ сіз барсыз,
Үміт еткен достарым,*

Сендерге бердім батамды!» – деп, ол өз халқының келешек ұрпақтарына сеніп кеткен еді. Міне, сол ұрпақ Ыбырай арманының жүзеге асқанын бұл күнде айқын көріп отыр.

Туған халқының талантты перзенті, ұлтының рухани мақтанышы, тұңғыш ағартушы-педагогі Ы. Алтынсарин қазақ халқының мәдениеті мен тарихының алтын қорына үлес қосумен қатар өзінен кейінгі ұрпаққа сарқылмас бай мұра қалдырды.

Білім алу құр мақсат емес, әлеуметтік ортаны өзгерту күресіне жастарды белсенділікпен қатыстырудың негізгі жолы деп білді.

Білім әлеміне қазақ сахарасында тыңнан жол салып, «Ұстаздардың ұстазы» атанған. Ыбырай бабамызды бүгін де еңкейген кәріден еңбектеген балаға дейін біледі. Оның шамшырақ боп жазылған нұрлы, сәулелі оттары-білім ордалары бүгін де молайып, біршамасы ұлы ағартушы есімін иеленді. «Кел, балалар, оқылық!» өлеңін жаттап өскен әрбір қазақстандық азамат тамаша педагог есімін әр кез қастерлеп, асыл мұрасынан рухани нәр ала бермек.

Ойымды түйіндей келе, Ыбырайдың жұлдызы жарқырай түссін, соның шарапатымен қостанайлықтар әлемге танылсын, алдағы көрер күндеріміздің шуағы мол болғай дей отырып, Ыбырайдың тұлғасын әлемдік ұлы ұстаз-даналар қатарында көретінімді мынадай өлең жолдарымен қорытындылағым келеді:

*Ұстаздыққа басылмайды құмарым,
Менің үшін ата кәсіп-мұғалім.
Аристотель, әл-Фараби, Ыбырай-
Ар-ожданым, мақтанышым, тұмарым.*

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ә. Дербісәлин «Ыбырай Алтынсарин» «Қазақстан» баспасы Алматы-1965ж.
2. С. Қалиев. Ы. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары Алматы «Рауан» 1991ж.
3. Ә. Сыдықов. Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. Алматы «Мектеп» 1969ж.
4. С. Қалиев. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары Алматы «Рауан» 1991ж.
5. Ы. Алтынсариннің ұстаз тұлғасы туралы идеяларының маңызы «Қазақстан мектебі №3» 2009ж.
6. «Ыбырай-білім саласының саңлағы» мақала «Қазақстан мектебі №7» 2001ж.

7. «Ы.Алтынсариннің ісі мәңгі жасайды» мақала. Ашық сабақ . Факультативті сабақтар №5 2010ж.
8. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған бағдарламасы.
9. «Білім сапасын көтеру-басты нысана» мақала. Білім берудегі менеджмент.
10. «Білім беру жүйесіндегі кәсіби дамудың жаңа технологиялық жүйесі» мақала. Білім берудегі менеджмент.
11. С. Ешімханов «Ұстаздан-ұлағат, ұлыдан-өнеге» Мәдениет және тұрмыс №9 1989ж.
12. С. Кенжеахметұлы «Ұлттың ұлы ұстазы» Қостанай таңы 2006ж.
13. Т. Жұмасұлтанов «Ыбырай жаққан шамшырақ» Білім №4 2004ж.
14. Н. Князев «Ы. Алтынсарин және қазіргі мектеп» «Қазақстан мектебі №3» 1992ж.
15. С. Ешімханов «Ы. Алтынсарин идеясы мектеп өмірінде» Қостанай таңы 1991ж.

Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫМЕН ОРЫС ЖӘНЕ БАТЫС ЕУРОПА АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Касымова.Г.М.

№20 орта мектебі

Аса талантты педагог, ағартушы, дарынды жазушы, тамаша ақын,жалынды публицист, көрнекті қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметі қазақ халқының саяси-рухани отарлау шеңберінің қысымшылығы күшейіп тұрған кезеңге тұспа-тұс келді. Ол орыстың революциялық-демократтық қозғалысы туып,дами бастаған кезде қоғамдық аренаға шығып, өзінің ағартушылық, тәлімгерлік, жазушылық, ғалымдық еңбегімен ерекше көзге түскен аса көрнекті қайраткер еді. Ыбырай өз замандас отандастарының ағартушылық ой-пікірлерін қуаттап, қазақ жерінде оқу-білімнің шамшырағын жақты, педагогтік-демократиялық көзқарастарының негізін салды.

Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметі ХІХ ғасырдың 60-80 жылдарындағы қазақ қоғамының рухани мұқтажына байланысты туып,әлеуметтік өмірге келді. Орыс халқымен бұл тұста нақты қарым- қатынас жасай бастаған қазақ халқы өмір сүрудің негізгі кілті өнер мен білімде деп түсініп, орыс халқының тілі мен біліміне ұмтыла түскен еді.Ыбырай өз арман-мақсаттарын жүзеге асыруда орыстың атақты гуманист оқымыстыларына, өзінің өмір бойғы тамаша достарына сүйенді. Олар әйгілі ағартушымызға теңдесі жоқ үлкен жақсылық жасады. Өйткені олар даланы жарыққа жетелеудің орыс халқы еншісіне тиген тарихи үлес екенін жақсы ұқты.

Ыбырай бақыттарының бірі ол бүкіл мұрасын өз қолымен орыс тілінде жазып қалдыруы. Бүгінде үш томды құрайтын сол мұра тек орыс тілінде жазылғандығынан сақталып қалған. Ал жиналмағандары Мәскеу, Ленинград, Қазан, Орынбор архивтеріндегі материалдар қаншама.

Бұл арада Ыбырайдың орыс достары туралы өз алдына бір кітап жазуға болатынын айта кету керек. Григорьев, Ильминский, Катаринский, Яковлев, Ефимский-Мировицкий, Кукляшев, Дынков, Делянов болып, ұзыннан-ұзақ тізімге ұласатын олардың әр қайсысының Алтынсарин туралы небір тамаша лебіздері сақталған. Осыншылық әлуетті, қуатты ортаның Ыбырайдың жұмысына ғана емес, өз басының өсіп, тұлға болуына да зор ықпалы тиген. Ыбырайдың бүкіл қазақ тарихындағы орны мен еңбегін алдымен анықтап, толық жазған да солар. Бір ғажабы: сол кездің өзінде-ақ орыс оқымыстылары Қазақстан туралы, оның осынау аяулы перзенті, жалпы қазақ халқы туралы бізден әлдеқайда көп жазған, көп біледі.

Осы аталған және тағы да басқа орыс,еуропалық данышпан ағартушылары Ы.Алтынсариннің ағартушылық көзқарастарының қалыптасуына және педагогикалық саласында шығармашылығының дамуына негізі болып табылды. Ы. Алтынсариннің ағартушылық жолындағы шығармашылығының,еңбегінің ең биік шыңы, ол орыс және еуропалық озық педагогикалық тәжірбиеден алынған үлгі және қазақ даласына бейімделіп жасалған білім жүйесі. Орыс және еуропалық ағартушылық тәжірбиені қолдану, Ы.Алтынсариннің қазақ даласындағы барлық халыққа білім беру және білім жүйесінің дамыту іс-әрекеттерінде көруге болады.

Мұның барлығы Алтынсариннің өткен ғасырдағы көрнекті орыс педагогтары (Ушинский,Бунаков,және т.б.) негіздеген білім беру теориясын меңгере отырып, оны далалық аймақтың ерекшелігіне бейімдеп орыс-қазақ мектептерінде балаларды оқытудың айрықша үлгісін жасағандығын көрсетеді. Ы.Алтынсариннің ағартушылық идеяларының және көзқарастарының қалыптасуы сол Қазақстанда еңбек еткен көрнекті орыс педагог ағартушыларының іс-әрекеттерімен және әрбіреуі ерекше орын қалдырды деп айтуға болды.